

Х.Ж. Смағұл^{1*}, Д.Б. Жаркимбаева², П.Т. Аuesбаева³

^{1,2} Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

³ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: khamza.smagul@bk.ru¹, dana_3691@mail.ru², ksaryarka@inbox.ru³

ORCID: ¹009-0002-2196-934X, ²0000-0002-9814-1340, ³0000-0002-7716-9715

XX-ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫҢ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Қазақстанның барлық дерлік ғылым салаларында бодандықтан кейінгі, яғни постколониалды зерттеулер тұрғысынан батыл түрде қайта зерттеулер жүргізілу үстінде. Мақалада көшпенді қазақтардың саяси құрылымы, қауымдағы өзіндік жас ерекшеліктік атаулары және соларға сәйкес кәсіптену түрлері, демалыс ұйымдастыру тәсілдері сипатталды. Сонымен қатар көшпенді мәдениет пен Көне Греция, Рим мәдениеттеріндегі уақыт туралы түсінік өзара салыстырылды, қазақ мәдениетіндегі аула жағдайындағы балалардың ойындары «мәдениетте адамның қажеттіліктерінің өтелуі теориясымен» байланыстырылды. Баланың төрт түлік малға күтім жасауына және ойнауына, өзге балалармен қарым-қатынасына, ойнауына негізделген ойын-сауық, іс-әрекет түрлері мен ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы мәдени-креативті индустрия саласы ұсынатын виртуалды ойынның мүмкіндіктері өзара салыстырылып балалық шақ пен есеюге тікелей қатысты жалпы ХХІ ғасыр мәдениетіндегі глобалды мәселе анықталды. Жұмыста тарихи-этнографиялық талдау әдісі, далалық зерттеу әдісі, қазақ мәдениетінің тірі тасымалдаушыларымен, мәдениет қызметкерлерімен аналитикалық сұхбат жүргізу әдістері пайдаланылды. Мақаланың зерттеу нәтижесінде анықталған әлеуметтік-мәдени мәселенің шешудің бір жолы ретінде қазақ дәстүрлі демалыс түрлерін күнделікті тұрмыста, кәсіпорында, балалардың ауладағы ойынында пайдаланып көру және 6, 10-16 жастағы адамның инициация рәсімін тұтынушылық мәдениет талабына сай жаңғыртуға қатысты бірқатар ұсыныс айтылады.

Кілт сөздер: көшпенділер, балалар, ойын, мәдениет, инициация, есею

K.Zh. Smagul^{1*}, D.B. Zharkimbayeva², P.T. Auesbaeva³

^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³ M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: khamza.smagul@bk.ru¹, dana_3691@mail.ru², ksaryarka@inbox.ru³

ORCID: ¹009-0002-2196-934X, ²0000-0002-9814-1340, ³0000-0002-7716-9715

SOCIO-FUNCTIONAL SIGNIFICANCE OF CHILDREN AND YOUTH GAMES IN KAZAKH CULTURE BEFORE THE XX CENTURY

Abstract. Across virtually all academic disciplines in Kazakhstan, bold re-examinations are currently being undertaken from the perspective of postcolonial studies. The research employs methods of historical and ethnographic analysis, field research, as well as analytical interviewing. The article adopts a comparative approach to examine the political structure of nomadic Kazakhs, the system of age-based designations within the community, forms of professional specialization, and concepts of time in nomadic culture in comparison with those of Ancient Greece and Rome. Children's games within courtyard spaces in Kazakh culture are analyzed in relation to the "theory of human needs satisfaction in culture." Forms of play and everyday activities based on children's interaction with animals and peers are compared with the opportunities offered by

virtual games produced by the cultural and creative industries of twenty-first-century Kazakhstan. As a result, a global cultural problem of the twenty-first century is identified, directly linked to the processes of childhood and growing up. Based on the research findings, one of the proposed solutions to this socio-cultural problem is the incorporation of traditional Kazakh forms of leisure into everyday life, workplaces, and children's courtyard games, as well as the renewal of initiation rituals for the age groups of 6 and 10-16 in accordance with the demands of contemporary consumer culture.

Key words: nomads, Kazakhs, children, game, culture, initiation, growing up

Х.Ж. Смагул^{1*}, Д.Б. Жаркимбаева², П.Т. Аuesбаева³

^{1,2}КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

* E-mail: khamza.smagul@bk.ru¹, dana_3691@mail.ru², ksaryarka@inbox.ru³

ORCID: ¹009-0002-2196-934X, ²0000-0002-9814-1340, ³0000-0002-7716-9715

СОЦИАЛЬНО-ФУНКЦИОНАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ИГР ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ ДО XX ВЕКА

Аннотация. Практически во всех научных областях Казахстана с точки зрения постколониальных исследований проводятся смелые повторные исследования. В работе были использованы методы историко-этнографического анализа, полевых исследований, а также методы аналитического интервью (интервью с живыми носителями казахской культуры и работниками сферы культуры). В статье в сравнительном аспекте рассматриваются политическая структура кочевых казахов, система возрастных наименований внутри общины, формы профессиональной специализации, а также представления о времени в кочевой культуре и в культурах Древней Греции и Рима. Игры детей в условиях дворового пространства в казахской культуре анализируются в связи с «теорией удовлетворения человеческих потребностей в культуре». Формы игровой и повседневной деятельности, основанные на взаимодействии ребенка с животными и другими детьми, сопоставляются с возможностями виртуальных игр, предлагаемых культурно-креативной индустрией в Казахстане XXI века. В результате выявляется глобальная проблема культуры XXI века, напрямую связанная с процессами детства и взросления. По итогам исследования в качестве одного из путей решения выявленной социокультурной проблемы предлагается использование традиционных казахских форм досуга в повседневной жизни, на предприятиях и в дворовых играх детей, а также обновление инициационных ритуалов для возрастных групп 6 и 10-16 лет в соответствии с требованиями современной потребительской культуры.

Ключевые слова: кочевники, казахи, дети, игра, культура, инициация, взросление

1. Кіріспе

Қазақ мәдениеті туралы еңбектерде тұрмыстық мәдениеттегі демалудың жеке (индивидуалды) әдіс-тәсілдері, жас ерекшеліктік түрлері кешенді зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Сондықтан қазақша тарихи деректі, көркем фильмдерде, кадрларда маусымдық мереке, той, ас беру түрлеріндегі бұқаралық мәдени іс-шаралар қайта-қайта көрсетіле береді. Күнделікті тұрмыста қазақтардың, оның ішінде жас адамдардың қалай демалып, көңіл-көтергендерін анықтау қызығушылық нысанымыз болып отыр.

Қазіргі күнделікті мәдениетімізде ұлттық демалыс түрлерінің тұтынылу ауқымы тарылып, арнайы күнде – Наурыз мерекесінде ғана театралдық көрініс сипатында қолданылуда. Мәдениеттанушы, педагог С.Ерғали атап кеткендей Наурыздың өзін «этнографиялық еске алу» түрінде атап өтіп жүрміз. Мысалы, жылдың басқа күндері

киіле бермейтін кең етек көйлекпен, кимешекпен, тақиямен, тұрмыста қолданыстан әлде қашан шығып қалған ұршық т.б. заттармен театралдық қойылымға қатысу және т.б. Ал күнделікті тұрмыста өз ұлттық құндылықтарымыздан гөрі өзге мәдениеттерге тиесілі демалыс түрлерін жиі тұтынамыз. Бұған қарапайым тұрмыста, демалыс орындарында домино, шахмат, маджонг, карта, мафия ойындарын, алуан түрлі виртуалды ойындар ойнап уақыт өткізуді мысалға келтіруге болады.

XX ғасырға дейінгі қазақ қоғамында балалар мен жастардың демалыс уақыты табиғи орта, маусымдық көші-қон, шаруашылық циклі және әлеуметтік құрылыммен тығыз байланыста қалыптасты. Қысқы қыстау мен жазғы жайлаудағы ойын түрлерінің айырмашылығы, қыз бен ұл баланың, жасөспірім мен бозбаланың ойын формалары қоғамдағы гендерлік және жас иерархияны айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, дәстүрлі ойындар күнделікті мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде кешенді талдауды қажет етеді. Зерттеу барысында дәстүрлі ойындардың әлеуметтік, тәрбиелік және мәдени функциялары айқындалып, қазіргі ұлттық демалыс мәдениетінің жай-күйіне сындарлы көзқарас қалыптастыру көзделеді.

2. Зерттеу әдістері мен материалдар

2.1. Зерттеу әдістері

Бұл мақаланың әдіснамалық негізін көшпенді қазақ мәдениетіндегі жас адамның дәстүрлі демалыс түрлерін зерттеуге арналған герменевтикалық сараптама, тарихи-этнографиялық талдау, далалық зерттеу әдісі, сұхбат жүргізу әдістері құрайды.

Зерттеу жұмысында сонымен қатар құрылымдық талдау, жүйелеу әдістері де пайдаланылды.

2.2 Материалдар

Демалыс, қазақ дәстүрлі демалыс мәдениеті сияқты мәдени құбылыстар мәдени зерттеу бағытында жүргізілді. Қазақ этнографиясы, фольклортану салалары бойынша қазақ рухани мәдениетіне, оның ішінде демалыс мәдениетіне тікелей қатысты еңбектерге герменевтикалық сараптама жасалды. Ә.Диваев, С.Кенжеахмет, А.Жүнісұлы, М.Мағауин, А.Құралұлы, А.Байтанұлы, Б.Қалшабаева, А.Геннеп, Б.Малиновский, К.Матыжанов сияқты авторлардың еңбегі балалар мен жастардың ойынына, мәдениет теориясына арналған. Бұл тізімнен әсіресе Ә.Диваев, А.Құралұлы, А.Жүнісұлы, А.Байтанұлы, Ә. Қайдар, М.Мағауиндерден балалар мен жастардың ойынына, демалыс түрлеріне тікелей қатысты материалдармен танысып, оларға әлеуметтік-мәдени құндылығын зерттедік, мәдениеттің адам қажеттілігін өтеу қызметі, әлеуметтендіру қызметтері тұрғысынан қарастырдық (Геннеп, Малиновский).

3. Талқылау

Қазақтарда 1845 жылға дейін Хандық құрылым, оның негізгі тұлғасы – «хан» және басқарушы элита болған («сұлтан», «би», «рубасы» т.б.). Көшпенділіктен ажырай қоймаған қазақтар 1930 жылы жүйелі түрде Ресей тарапынан колхоздастыру саясаты аясында жаппай толық отырықшылық өмір салтына ауыса бастады және оған қиындықпен бейімделді. Оған дейін мал шаруашылығы, аң аулау кәсіптері табиғатпен үндестікте өмір сүрген көшпенді қазақтарда тіршілік сақтаудың негізі болған. Қауым ішінде әрбір ауылда ағаш ұстасы, аңшы, емші, өнерпаз, жауынгер (батыр), ел басқарғандар т.б. қауымдық мамандану түрлерін атқарған (Сәулебай, 2007: 87). Сол

сияқты үй жасаушы, тігінші, тері өңдеуші, темір ұстасы, зергер, саудагер, молда, сушы, делдал, диірменші т.б. кәсіп иелері қажеттілік туындағанда ғана қызметін атқарған (Жүнісұлы, 2001:80). Әр адамның, жанұя-әулеттің мал шаруашылықта өз еркімен шаруасын жасау мүмкіндігі болған, «бос уақыт» өлшемі мен сапасы отырықшы қоғамның бос уақыт туралы түсінігінен ерекшеленген. Отырықшы мәдениеттердің тарихында, әсіресе Көне греция, рим тарихында басқарушы элита өкілдері, таңдаулы адамдар ғана саясаттан шаршағанда демалу мақсатында философия, музыка, поэзия т.б. іс-әрекеттермен шұғылданса, белгілі бір мекемелердің қызметін тұтынса, құлдардың мұндай құқығы болмаған. Қысқаша айтқанда Көне греция мен рим мәдениетінде бос уақыт – әлеуметтік артықшылықтың белгі-критерийі болған деген пікірмен келісуге болады (Савельев, 2008: 64-66) Сонымен қатар Еуропа жұртының кластық бөлінуі көшпенді қазақтарда төре мен қара арасындағы жіктік бөлінуден де күрделі болған (Ғабитов, 2013: 53).

Қазақтың 20-ғасырға дейін пайдаланылған тәулік ішіндегі уақыт өлшемдері және бір тәулік ішіндегі өткен шақтағы, белгілі бір ұзақтықтағы уақыт аралығының да атауларына қарап та уақыт туралы түсініктің ерекшеленетінін түсінуге болады. Мысалы, таң ата, ертеңгілік, күн шыға, сәске түс, түс ауа, іңір, ымырттың түсуі, ымырттың үйірілуі, қас қағым, сүт пісірім, шай қайнатым, бие сауым, ет пісірім, жарты күн т.б. (Құтты, 2024: 14-15).

Көшпенділерде кез келген адам жұмыс уақытын өзі белгілеген, міндетті түрде күнін, сағатын қатаң режимге бағындырмаған, кәсіптену түріне, ауа-райына қарап күндіз дем алып кешкі салқында еңбек еткен. Бұған мысал ретінде жылқышы мен шопанның еңбек уақытын келтіруге болады.

Ертедегі қазақтарда әлеуметтік жас категорияларының өзіндік нұсқасы болды. Ол кездегі жас мөлшері кең өрістегі негізгі кәсіпті, яғни мал шаруашылығын меңгеру шеберлігіне қарай «қозы жасы», «қой жасы», «жылқы жасы» негізгі жас көрсеткіштерімен белгіленген. Мысалы, 15 жасқа дейінгі адам қозы жасында деп аталған. Мұның себебі қазақтардың басқа көшпелілер сияқты жылқы мен қой бағуға бейім болуымен түсіндіріледі. Кең байтақ далада майда қара малды шаруаға қолайсыз ауа-райынан, табиғи апаттардан аман алып қалу, қасқырдың жемтігіне айналдырмай бүтін жеткізу өз заманына сай өте жауапты жұмыс еді. Осы жұмысты игеріп, қойды шығынға ұшыратпай баға алған шамамен 15-25 жас аралығындағы адамды қой жасында деп есептеген. Осындай қиын миссияны ойдағыдай орындай алмаған кейбір жігіттер биологиялық жасы 25 жастан асса да қой жасы санатында қалып, өмірінің соңына дейін сол кәсіппен ғана айналысқан. Ерекше күтім мен ақыл-парасатты қажет ететін төрт түлік малдың бірі - жылқы малы. Жолын тауып, үйірді аман-есен әкелу міндетін ойдағыдай атқарған адам жылқы жасына көтерілген. Жылқы жасы 25-40 жас аралығы (Кенжеахметұлы, 2015:106). Ал 40 жастан асқандар үшін патша жасы санаты Ислам мәдениетінен енген (Амантай, 2023:2). Бұл Мұхаммед с.а.с. ның пайғамбарлық қызметінің басталу жасы. Сиыр мен түйені көшпенділер сирек баққан және оның күтімін жасау әдетте қарт адамдардың жұмысы болған. Сондықтан 40 жастан асқандар және ұзақ өмір сүрушілер түйе жас санатына жатқызылған - деп санаймыз.

Қазақтардың өмір салты балалар мен ересектердің бос уақытына ықпал еткен, демалыс түрлерін де қалыптастырған. Демалыс мәдениетіміз көшпенді қазақтың «ағаш бесіктен жер бесікке дейінгі», яғни туғанан қайтыс болғанға дейінгі өмір кезеңі барысындағы «балалық шақ», «қауымға қабылдану», (танысу әрі кішігірім тәжірибе), «мәдени құндылықтарды, өмір сүруге қажетті дағдыларды меңгеру кезеңі», «тәжірибе жинау, қолдана бастау және оны келесі ұрпаққа жеткізу» деген шартты өмірлік кезеңдерге сәйкестендірілді.

Тұсау кесу дәстүрі - әрі рәсім әрі балалар мерекесі. Рәсімдік жағы – 9-12 айға толған жас адамды қауымға қабылдау. Шымкент қалалық «Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының» қызметкерінің (Ләззат Кадирбекова) айтуы бойынша «көшпенді қазақтарда қыз бен ұл баланың тұсауының кесілуі екі түрлі өткен». Тұсауы (екі аяғына байланатын ала жіп) кесілетін қыздың беліне екі қоржын байланады. Қоржындарда тұсау кесетін кісінің кәдесі және тәтті дәм болады. Тұсауы кесілгелі тұрған кішкене қызды қағылездеу (епшіл, зерек) келіншек алып қашады, ал қалған әйелдер соңынан қуа жөнеледі. Келіншек ұсталған жерде кішкене қыздың тұсауы кесілген. Тұсау кесуде пышақтың жүзі төмен қаратылған. Мұның себебі қыз баласы табиғатында өзіне тән нәзіктігін сақтап, үйден тыста бөтен жігітке тіке қарамай әдепті болып өссін деген ниет-тілекпен түсіндіріледі.

Ұл баланың әкесі немесе абыройлы ер адам баланың бір аяғына тұсаудың бір ұшын байлайды, ал тұсаудың екінші ұшын сәл әрірек қағылған қазыққа оңай шешілетіндей етіп қана түйіндей салады. Бұлай байланған жіп «күрмеу» деп аталған және мәре ретінде қолданылады, яғни әлгі тұсауы кесілгелі жатқан баланың тойына келген жүгіріп жүрген балалардың жарысының мәресі болады. Бұл рәсім барысында тұсауы кесілгелі тұрған бала өзге балалардың жүгіргеніне қанаттанып, жүгіруге талпынады. Қоғамда жүргенде еңсесі түспесін, басы төмен салбырамасын деген талап-тілектің ырымы ретінде ұлдың тұсауын кесуде пышақтың жүзі жоғары қаратылған.

Көшпенділерде де қауымның кенже мүшелері белгі бір жасқа, физиологиялық тұрғыдан еңбекке жарамды болғанға дейін барынша еркін өскен. Себебі көшпенді адамның тіршілігін сақтап қалып, қыстан-жазға дейін тірі қалуының өзі жеңіспен пара-пар болған. Режиссер Е.Тұрсынов бір сұхбатында осындай ой айтты. Қозы жасындағылардың, яғни балалар мен жасөспірімдердің демалысының барлық дерлік түрлері ойыннан құралған. Соңғы 2 жылда К.Матыжанов балалар ойынына уыз тәрбиенің ұлы құралы деген жоғары баға берген (Матыжанов, 2023:263).

Аталары шапанның етегіне тығылып өзімен бірге бара жатқан немере ұрпақты өтірік байқамаған болып бүкіл ауылдың үлкен кісілері жиналатын биік жерге барады. Мұнда ересектер, аталар жаңалықтармен бөліскен және өздерінің қадағалауымен кішкене ұл балаларын арнайы күрестіріп ойнатқан (Жүнісұлы, 2001:106). Бұлай жасау балаларды тексеру, яғни бағыштаудың (инициация) келесі кезеңіне дайындықты білдіреді. Ересектер балғын баладан жасөспірім шаққа өтушіге педагогикалық, физиологиялық-психологиялық бақылау жүргізу қызметін атқарған. Қыстан, ауру-сырқаудан, табиғи апаттан аман шыққан жас бала – денсаулығы мықты бала. Бұған жас балалардың қозы-лақтармен ойнап, қуалап жүріп өсуі де біршама ықпал еткен. Екі аяқты нық басып ойын баласы боп жүрген жас адам өз денесін пайдалана алуға

үйреніп, күресу техникаларын игереді. Себебі ұл бала болашақ жауынгер ретінде бағаланса қыз балалар сол жауынгерлерге көмекші бола алатындай етіп тәрбиеленген, яғни көптеген өнер түрлерін, тіпті әскери өнерге де үйретілген.

Жас балалар ойнап жүріп үлкендердің істегендерін бақылап көшпелілерің талай өнері мен біліміне үйренген. Мысалы, қойшылар малды күзететін асыл тұқымды төбеттерді анықтау мақсатында ит таластырып, мықты аталық иттерді іріктеп, қаншықтармен табиғи жолмен шағылыстырып жаңа тұқым алып отырған. Үй күзетуге жарайтын, қасқырға да шабатын иттер (төбет), кейде асыл тұқымды құмай тазылар балалармен бірге қозы бағуда, ойында қосылып жүрген. Е.Мыңбай-Саразбанов төбеттің балаға тиіспейтінін айтады. Көшпенді қазақ өзін жылқымен біртұстас сезінген (Кочевники-Эстетика, 1993: 9). Мұны сананың шеткі аймағы – тілден, сөзден де байқауға болады. Қазіргі кезде де кейбір ата-ана, ата-әжелер немере ұрпаққа «құлыным» - деп қарата сөйлеп, сүйсініп, еркелетіп тұрғанын мысалға келтіруге болады. Итпен баланың эмоционалды байланысы, қамқорлық жасауы, бірге сейілге шығып, дала кезуі, ойнатуы «Тазының өлімі» повесінде өте тартымды суреттелген (Мағауин, 2004: 32). Қазақта итке мініп алуға болмайды. Бірақ ересектер кемпірқосаққа ит мініп барса түрлі әшекей заттар береді деп балаларды сендірген. Кейде іші пысқан ауыл адамдары төбеттер таласын көріп көңіл-көтерген (Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы, 2007). Үлкендер әр итке баға беріп мінезін бағалау, сынау арқылы балаларға иттің мінез- құлқын, табиғатын бағалауға үйреткен. Итпен ойнаған баланың аяқ сүйегі мықты болған. Бұған ләңгі ойнаудың да ықпалы болған. Балалармен қатар ересектерге де ортақ біздің заманымызға жеткен «ләңгі тебу» ойыны – қазақша дәстүрлі демалыстың бір түрі. Ләңгі – теңгенің формасындай қорғасын жабыстырылған майда қара малдың жүні (Құралұлы, 2007). Совет заманындағы балалар 3 немесе 5 тиындық металл ақша (монетаны) және мал жүнінен қалған қылшықты теуіп ойнаған, тіпті ересектер де араласқан (Қайдар, 2009). Әлемдік және ұлттық спорт ойындары деген еңбекте кімнің ойыншы, қай кезде «малай» болатыны, маладайдан шығатыны, яғни ләңгі тебудің ережелері толығырақ жазылған (Әлемдік және ұлттық спорт ойындары, 2014).

Ә.Диваевтың «Қырғыз балаларының ойындары» мақаласындағы Ташкент маңы қырғыз бозбалаларының ойындары, Қырғыз жастарының көне ойындары мақаласындағы «Қыз ойнағы», «Қыз Қашар», «Дамбал салды» ойындары антропологиялық тұрғыдан өте құнды. Молда Көбей Токполатовтың жазбаларын империялық орыс тіліне тәржімалаған бұл зерттеуші «орда», «домалақ ағаш», «тақия теппек», «шілік» ойындарын бозбала ойындарына жатқызған.

«Домалақ ағаш» ойынына ұқсас ойынды 20-ғасырда Орынбордың балалары да ойнаған және «въ мозлы» немесе «въ клюшки» - деп аталған (Диваев, 1905:34-36). «Домалақ ағаш» ойынын элитарлық қоғамның өкілдері ойнайтын «гольфтің» прототипі деп санауға негіз бар.

Әдебиеттанушы А.Байтанұлы «Ақ сүйек» ойынында (орда) жасөспірімде қараңғыда бағдарлай білу, есту (дыбыс сезу), жылдамдық сияқты қабілеттері іске қосылатынын айтады. Сонымен қатар қазіргідей интернет, әлеуметтік желі, мәдени-тынығу мекемелері де пайда болмаған тарихи кезеңде жан-жақтағы ауылдардан

жиналған жастардың танысу-табысу орны, әлеуметтік байланыс кеңістігі рөлін атқарғандығына назар аударған (Байтанұлы, 2019: 60-62). Бірақ үйленейін деп жүрген бозбалаға жоғарыдағы «орда», яғни ақсүйек ойынына қатысуға тиым салынып, жеңгелер тарапынан қадағаланған (Жүнісұлы, 2001: 86).

Жас баладан ересек адамға дейінгі жинайтын келесі бір ойын-сауық түрі – бәдік айту немесе көшіру. Бәдік көшіру - мифтік, тәңірлік дүниетаным халықтың рухани сұранысын қанағаттандырып тұрған кезде танымал болған бұқаралық діни ғұрып. Ол кейіннен (дүниетанымның өзгеруімен байланысты) өзгеріске ұшырап жастардың ойын-сауығына, одан айтыс өнеріне ауысқан. Бәдік көшіру – қандай да бір ауылда денсаулығы сыр беріп, ауырып қалған адамнан немесе төрт түлік малдан бәдікті, яғни аурудың киесін, иесін көшіру мақсатында бақсының жетекшілік жүргізуімен ауру нысанды (адам, мал) сөз күдіреті арқылы алдап-арбау, үркіту, қорқытумен сипатталатын емдік магиялық іс-әрекет. Бақсы алуан түрлі заттарды, боялған (қызыл түске) малдың сүйегін де пайдаланған (Қалшабаева, 2017: 197). 20-ғасырдың ортасына дейін мықты бақсылар кездескен (Картаева, 2020: 198-201).

Кешкі уақытта басталып, таңға дейін жалғасқан, кейде бірнеше күнге (7 күн) созылған бұл бәдік көшіру уақыт өте келе діни наным ретінде қолданыстан шығып жастардың ойын-сауығына, ең ақыры ақындар айтысына, яғни бәдік айтысқа айналған.

Диваевтың мақаласындағы жасөспірімдер ойнаған «Қыз ойнағы» ойыны назар аударуға тұрарлық. Сырдария облысының қазақтарында жасөспірім қыз-жігіттердің арнайы күнде, таң қаларлығы Ораза айт, Рамазан айт мерекелері кезінде жайлауда жеңгелердің қадағалауымен «Қыз ойнағының» ұйымдастырылуы қыз бен ердің инициация рәсімін, ересектер санатына өтуін білдіреді. Жасөспірімнің жасы өскен сайын оның мінез-құлқында жыныстық жетілу және жыныстық құштарлықпен байланысты мотивтер соғұрлым көп рөл атқарады. Бірақ дәстүрлі бағыштау рәсімдері жыныстық жетілу немесе үйлену құқығы сияқты сәттерді елемейді. Олар басшылыққа алатын басты факт – адамның әлеуметтік жетілуі (Геннеп, 1999: 64-107). Ат үстіндегі жас жігіттер мұнда жай күндерде еш мүмкін болмайтын қызықтан құр қалмайды, яғни өзіне тартымды саналған дене мүсініне қол жүгіртіп, сүйіп кете алады. Әсем киінген қыздар да тектен тек құшақтатып қоймай ат үстіндегілерден өзіне тартымдысын тандайды әрі ұнамсыздан қорғану үшін қолындағы оқтау, сойыл сияқты қаруды қолданады. Бұндай кездерде жараланып, тіптен қайтыс болып кететін әлсіз жігіттер де кездескен. «Қыздан улгеннің қуны джок» – деп ер басына құн төленбеген, керісінше масқараға қалған (Диваев, 1907: 170-172). Бұл ойында ұл бала ер адам ретінде қызды жақыннан танитындықтан, әлеуметтік инициациясымен қатар сексуалды бағыштауының бастамасы да қоса жүретіндіктен «Қыз ойнағы» - деп аталған болуы мүмкін. Ойында ұл бала өзіне қажет қызды қалай да қарату үшін бар өнерін салып бағады. Ұл бала осындайда анық сыналады. Себебі мұндағы қызды ол ұнатқанымен ол қыз басқа бір мықтылау жігітті ұнатуы мүмкін. Сонымен қатар рулас, аталас болып шығуы да мүмкін. Бұл ойынның нәтижесінде ата-анасынан дербестік алуға, өз бетінше жеке отау тігіп, бөлек өмір сүруге дайын боп қалған, жауынгерлік құзіреттілігі қалыптасу үстіндегі жас жігіттер іріктеледі. Жас жігіт

сексуалды импульсіне берілмей бір ғана қызды таңдап, қиянатқа бармауы керек, яғни сол бір қызға үйленуге дайын болуы керек. Сонда ғана ұл бала еркектер қатарына қабылданады. Осындай рәсімнен өткізу арқылы болашақта ауылдың әлеуметтік өмірінде шешім қабылдайтын көшбасшы (лидер) жігіттер анықталса өте алмағандар қой жасы санатында қалып қойған. Бразилияның үндістерінде тайпадағы жұрттың алдында қолына улы құмырсқаға толы қолғап киіп, талатып, ауырсынғанын білдірмей, улы жәндіктің шағуынан тірі қалған жігіттерге ғана өзі таңдаған қызға үйленуге тайпа көсемі рұқсат беретін рәсім болған (Әбдіқұлы, 2012: 316-317). Ал қыздар мұндай рәсімнен өтпеген. Себебі қыстың суығынан, ауру-сырқаудан, шапқыншының, кейде барымташының немесе жыртқыш аң-құстың шабуылынан аман қалып жазға жетіп тірі жүруінің өзі қыз баласының мықтылығын білдірген. Көшпенділік мәдениеті осындай қыздардың арқасында сақталған. Сонымен көшпенді қазақтарда әйел адаммен тіл табыса алатын, өзін көпшілік ортада ұстай алатын, 3 жұрты алдында жауапкершілік арқалауға дайын мықты жігіттерге ғана үйленуге рұқсат берілген.

Жайлаудағы жиын-тойларда дарынын сынап көру мақсатында келген қыз бен жігіт енді ақсүйек ойнаумен, алтыбақан тебумен ғана шектелмей әлеуметтік белсенділік танытқан. Белгілі бір қуанышты оқиғаға байланысты (баланың дүниеге келуі, сүндет той, Наурыз той, қымызмұрындық т.б.) бұқаралық мәдени іс-шарада «қыз бен жігіт айтысына» қатысып, өзінің эмоционалды қажеттілігін өтеп, жиналғандардың көңілін көтерген. Айтыс өтіп жатқанда бір-бірін ұнататын жастар өзара «тобық жасыру» ойынын ойнаған. Үлкен жиын-тойда, дастарқан басында отырған ер адам көптен бері көрмеген сүйіктісіне қойдың тобығын жасыруды ұсынып, бағалы затқа (алтын жүзік т.б.) келіскен (Қазақтар, 1998: 64) және шарт бойынша тобықты сұраушы қай кезде сұраса да жасырған кісі тауып бере алуы керек. Егер таба алмаса сол келісілген затты сыйға тартып айыппұлынан құтылады.

Б.Малиновский адамның қажеттіліктерінің мәдениетте өтелуі туралы теориясында: «қозғалыс қажеттілігі спорт, би, ойындар және т.б. арқылы көрінеді. Ойындар демалуға және ойын түрінде жаңа дағдыларды үйренуге көмектеседі. Бұл ережелерді сақтау қоғамды, жүйені және өзін сақтау үшін маңызды», – дейді. (Дашкевич, 2014: 337-338.) Көшпенділер ойындарының барлығы дерлік балаларда өмір сүруге қажетті жаңа дағдыларды қалыптастырған.

Жастар келесі жас санаты-жылқы жасына өтуге дайын жүреді. Жас адам қазір де экономикалық әрі демографиялық күш ретінде маңызды. Өз отауы-отбасы мүшелері алдындағы, қауым, ауыл алдындағы міндеттер жүктемесі «сиыр немесе түйе» жасына дейін сақталады. Сондықтан бала, жасөспірім, балғын жастық шақтағы ойын-сауықтарды отбасы құндылығы, салмақты отырыстар алмастырған. Құрылтай, ақсақалдар кеңесі сияқты жиындарда ру, ауыл, тіпті ұлт көлеміндегі әлеуметтік-саяси мәселелер қаралған жиындарға қатыса бастаған. Ересектердің демалыс түрлері мақала тақырыбының шеңберінен шығып кетеді.

Бес жыл бұрын шыққан мақалада (Өлімге апаратын диалог: неге «өлім топтары» кең таралып, жасөспірімдер арасындағы суицидтің себептері неде?) 21-ғасырдың мәдениетінде балалар мен ересектердің арасындағы алшықтықтың ұзарып кетуі және инициация рәсімінің сақталмауы салдарынан балалардың өзін-өзі өлтіретін

«көк кит» сияқты ойынды таңдайтыны туралы қорқынышты пікір бар. Отбасында, мектепте балалардың өлім туралы «экзистенциалды сұрағына» ересектердің жауап беруге қорқуы, қашқақтауы балалық шақ пен ересектердің өмірі арасындағы әлемдік деңгейдегі қақтығыстан сақтай алмауда. Балалар сондықтан өліммен байланысты, өзін өзі өлтіру пәрмені берілетін ойындарды таңдайды. Бала өзіне бөтен әлемнің сұрағы туралы пікірі болмағандықтан тән азабын сезінгісі келеді. Мұндай сезімді бұдан 100 жыл немесе одан да бұрын өмір сүрген балалар инициация рәсімінен өткенде сезініп, символдық түрде қайта туылып қауымға жаңа адам, ересек ретінде қайта қабылданған.

4. Зерттеу нәтижесі

Сонымен жас ерекшелікке байланысты қазақ ұлттық демалыс түрлерінің күнделікті мәдениеттегі үлгілері анықталды. Қозы жасы, қой жасы, жылқы жас ерекшелік топтарының болғаны, жастардың қалай демалғаны сипатталды. Қазақ дәстүрлі қоғамындағы күнделікті мәдениеттегі демалыстың балалар мен жастардың өмірінде ойын-сауықтық сипаты басым болған да ересек санатқа көтерілген сайын рухани азықтық, үлгі-ғибраттық қызметінің жоғарылай түскендігі белгілі болды. Бозбала мен бойжеткеннің, жастардың демалыс түрлері – ойынның кейбір түрлерінің де өмірлік қажеттіліктен туындағаны, ересек өмірге дайындайтын қызметі болғандығы анықталды. Бозбалалар ойнаған «орда», «домалақ ағаш», «тақия теппек», «шілік» ойындары әлеуметтік бейімдеу қызметін атқарған болып шықты. Сонымен қатар қазіргі таңдағы ат спорт ойындарының арғы тегіне жататын ұлттық ойындар, үй жағдайындағы көне ойындар адамды өзін қорғауға, денесін дұрыс ұстауға, шымырлыққа үйретіп, ойлау-тыңдау, пайымдау сияқты тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін коммуникативті дағдыларды қалыптастырған.

Зерттеу барысында анықталған дәстүрлі демалыс түрлеріндегі әлеуметтік бейімдеу, инициация қызметтері қазіргі креативті индустриядағы демалыс түрлерінде, 21-ғасыр мәдениетінде, яғни тұтынушылық мәдениетте мүлдем кездеспейді. Өзіміз қалаған адамдармен виртуалды ойындар ойнау арқылы көңіл-көтерудің құндылығын жоққа шығармаймыз. Бірақ есейгісі келген, жауапкершілікке үйренгісі келген балаларды тұтынушылық мәдениеттің идеологиясына сай «бақытты болуды», «позитивті болуды» ғана айта бермей экзистенциалды сұрағына жауап беру, тек жыныстық тұрғыдан ғана емес рухани есейген адамның қандай болатынын ұқтыру күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Балалықтан ересектікке өтудің рәсімін тәнге зақым келтірмейтін, өмірге қауіп төндірмейтін етіп енгізудің бір жолы ретінде ұлттық квест, үй жағдайында, туыстар арасында рәсім жасау ұсынылады. Мысалы, 5-6 жастағы балаға ата-ананың өзіндік тәжірибесіне қарай көліктің доңғалағын жолдан алып тастау, көшет немесе гүл ектіру және оған күтім жасауды тапсыру, бірнеше жыл бұрын ойнаған ойыншықпен қоштасу, төсегін өзіне жинату т.б. тапсырмалар беру, квест ұйымдастыру, ересектік табалдырығынан кіргізу және баланың есімі жазылған есею бойтұмарымен марапаттау т.б. амалдарды ұсынуға болады.

Өзінің жеке тұлғасын, тәуелсіздігі мен жауапкершілігін сезіне бастаған 10-16 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған инициация рәсімі ішкі өсудің, өзін-

өзі танудың және қоғамдастықты нығайтудың маңызды құралы бола алады. Әдетте мұндай рәсімдер терең символдық мазмұнды қажет етеді және олардың мүдделерін, құндылықтары мен қиындықтарын ескерген жөн.

Жеке түсінікпен «келесі кезеңге өту» рәсімін өткізуге болады. Мысалы, «есею кітабын немесе күнделігін» жазу, яғни жасөспірім өзінің мақсаттары, армандары мен құндылықтары туралы жазады. Бұл саналылық пен ішкі бастаманың символына айналады. Ерекше күні немесе іс-шарада ол өзінің уәдесін немесе құндылықтарын айтып, даму ниетін растайды. Жауапкершілік немесе сынақ эстафетасы. Ішкі күшті, көшбасшылықты, батылдық пен жауапкершілікті тексеретін бірқатар тапсырмалар беруге де болады, мысалы, шағын жобаны дайындау және өткізу, әлеуметтік акцияларға қатысу, еріктілікпен айналысу. Әрбір сынақ жасөспірімнің өз іс-әрекеті үшін жауапкершілікті өз мойнына алуының символы болып саналады. Жасөспірім жеке міндеттеменің символын, өзінің құндылықтарымен байланысты жеке символдық затты дайындауы, безендіруі, тұмар сияқты затты өзіндік мағына ретінде тағып жүруі мүмкін немесе фотосуретті бөлмесіне жабыстырып қоюы да мүмкін. Ол бұл затқа мөр басады және үнемі киеді, оның таңдауы мен жауапкершілігін еске салады. «Жетілу анты» немесе «ересек адамның анты». Топтың немесе тәлімгердің қатысуымен жасөспірім уәде береді. Мысалы, өзіне қамқорлық жасау, жақсылық жасауға тырысу, басқаларға көмектесу сияқты. Ритуалға жариялылық элементін тарту ішкі жауапкершілік пен саналылықты ынталандырады. Шығармашылық немесе рухани тәжірибелер. Ішкі өсуді бейнелейтін жеке мандала, сурет немесе жоба жасау. Медитация, болашақты елестету немесе біраз уақыттан кейін ашып оқи алатын (капсула) «есейген өзіне хат жазу». «Жастық шақпен қоштасу» рәсімі – символдық ауысу. Балалық шаққа байланысты заттарды бөлу (ойыншықтар, ескі заттар) және «жаңа менін қалыптастыруды бастау». Мысалы, армандар мен жоспарлармен папка немесе альбом жасау. Жасөспірімнің «ескіні лақтырып», әрі қарай жүруге дайын екендігін білдіретін рәсім өткізуге болады.

Бұл рәсім жасөспірімнің құндылықтары мен мүдделері үшін маңызды болуы керек. «Ресми» мәдени іс-шара өткізудің қажеті жоқ, бастысы ішкі ауысу мен қолдау сезімі маңызды. Рәсім шығармашылық элементтерін, қауіпті тапсырмаларды (ақылға қонымды шектерде), қоғамдық уәделерді және жеке ойларды қамтуы мүмкін.

5. Қорытынды

20-ғасырдағы қазақ қоғамы отырықшы өмір салтын қабылдап, ұлттық болмысынан өзгеріп, өзге мәдениеттердің ықпалына ұшырап, жаңа дәстүрлер пайда болып, демалыс саласы барынша жүйеленіп европалық үлгіге ауысты. Барлық ұлттық өнерге тән синкреттік сипат сатылай жойылып бұқара халық әр алуан институттың, театр, филармония, галерея, кинотеатр т.б. мәдениет ошақтарының қызметін пайдаланды. Бірақ ауылдық елді-мекендегілер мен қала тұрғындарының мәдени даму деңгейлері бірдей болмады. Қазіргі кезде қазақтар отырықшы өмір салтын ұстанып, Қазақстанның өзінде 17 аймақта өмір сүреді. 2024 жылдың ішінде 78 ауыл жабылды. Қазір халықтың 38%-і, яғни 7,5 млн адам ауылда тұрады (Елімізде бір жылда 78 ауыл жабылды). Қыз бала мен ұл баланың тұсауын кесуде қазір айырмашылық жоқ және ол үй жағдайында ғана емес, мейрамханада да өткізілуде. Баланың алдына ақ мата

төселеді. Мұны Шымкент қаласы «Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының» қызметкері Л.Кадиірбекова «қазақтар кәріс ұлтынан қабылдаған» – деп санайды.

Қалалық өмір салтында тұрғындар, қонақтар атшабар, ат клубы сияқты арнайы орындарда ғана ақылы түрде жылқыға отырады. Мегаполис жағдайында көпқабатты тұрғын үйде ит ұстау өте қиын. Сондықтан көшпенді қазақ баласы үй жануарларын, төрт түлікті қолға үйретіп, оған қамқорлық жасап өссе, қала қазағына үй жануарының қажеттілі жоқ, тіпті кейде ауылда өссе де жан-жануарды ұнатпайтын балалар кездеседі. 1980-2020 жж аралығындағы 40 жылда балалардың достарымен үйден тыс өткізетін бос уақыты екі еседей қысқарған екен (Матыжанов, 2023: 246 б).

Ат спорт ойындары өз алдына бөлек институт ретінде қызмет атқарады. Ересектер қазір де қала шетінде, ауылдарда ақша тігіп ит таластырады. А.Диваев сипаттаған ойындардан осы күнге «Орда», яғни «Ақсүйек» ойыны ғана жеткен және ойын шарты өзгерген. Қазір бұл ойында жеңілген жақ жеңімпаздарды арқалап көтермейді.

Отбасы хрестоматиясы ұжымының, ұлттық блогерлердің, меценаттардың бастамасымен қазақ дәстүрлі демалыс түрлерін насихаттау жалғасуда және белгілі бір деңгейде қайта жаңғыртуға ықпал етуде. Мысалы, соңғы кездері қисса үйірмелері ашылуда.

Дәстүрлі демалыстың заманауи демалыс түрлерімен салыстырылуы.

Қазіргі креативті индустрия ұсынатын демалыс түрлері мен дәстүрлі демалыс түрлерінің арасындағы ең басты айырмашылық – ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзілуінде. Себебі жоғарыда сипатталған ойындардың, демалыс түрлерінің барлығында дерлік ересектер жастармен қатар қатысқан. Уақыт өте келе адамзаттың эгосының өсуі себебінен, салдарынан балалар әлемі ата-аналар әлемінен, ересектер мәдениетінен бөлініп, өз дербестігіне ұмтылуда.

Қазіргі креативті индустрия ұсынатын демалыс түрлерін қазақ дәстүрлі демалыс түрлерінен әлде қайда көп тұтынамыз. Жоғарыда сипатталғандай ауылдардың азаюы дәстүрлі демалыстың ауқымын тарылтады. Себебі қала жағдайында атпен шабу, баланың итпен еркін серуендеуі, аң-құсты күтіп-баптауы, өзіне қолдан ойыншық жасап ойнауы мүмкін емес. Ал «ақ сүйек» ойынын бір-бірін жақсы танитын немесе бірге оқитын балалар көрші аулаға дейін немесе футбол ойнауға арналған шағын алаңда бір-бірін арқалап қайта жаңғырта алады. Сол сияқты кәсіпорында «бәдік көшіруді» «стресс көшіру» ретінде жаңғыртуға болады. Монитор алдында немесе отырып жұмыс жасаған қызметкер шаршағанда, оны деепрессияға жеткізбей психологиялық қызмет тегін көрсетілсе «стресс көшіру» рәсімі жүргізілгендей әсер береді және еңбек сапасына оң ықпал етпей қоймайды.

Әдебиеттер:

1. Амантай Қ. Қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы, патша жасы туралы не білеміз? [Электронды ресурс]. – URL: <https://bugin.kz/241-qozy-dgasy-qoy-dgasy-dgylqy-dgasy-patsha-dgasy-turaly-ne-bilemiz> (қаралған уақыты: 20.08.2024).
2. Әбдікүлы Т. Парасат майданы. – Алматы: Раритет, 2012. – 616 б.
3. Әлемдік және ұлттық спорт ойындары. – Алматы: Мереке, 2014.
4. Байтанұлы А. Қазақтың көне ойындарының мәні туралы не білеміз? // Дәстүр. – 2019. – №2 (63). – Б. 58–59.

5. Габитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.
6. Геннеп Арнольд ван. Өтпелі ғұрыптар. Ғұрыптарды жүйелі зерттеу. – Мәскеу, 1999. – 64–107-бб.
7. Дашкевич В. Бронислав Малиновскийдің мәдениеттің функционалдық теориясы // Мәдениеттегі адам. – 2014. – №24. – 337–338-бб.
8. Диалог – өлімге апарар жол: «өлім топтары» неге соншалықты танымал және жасөспірімдер арасындағы суицидтің себебі неде? [Электронды ресурс]. – URL: <https://monocler.ru/dialog-nasmert/> (қаралған уақыты: 20.08.2024).
9. Диваев А. Қырғыз жастарының көне ойындары // Түркістан уалаятының газеті. – 1907. – №54. – 169–172-бб.
10. Диваев А. Қырғыз балаларының ойындары // Түркістан уалаятының газеті. – 1905. – №152. – 33–36-бб.
11. Елімізде бір жылда 78 ауыл жабылды. [Электронды ресурс]. – URL: <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/item/678850-elimizde-bir-zhylda-78-auyl-zhabyldy> (қаралған күні: 20.12.2024).
12. Жүнісұлы А. Пәниден бақиға дейін. – Алматы: Жазушы, 2001. – 296 б.
13. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. II том. – Алматы: Ғылыми басылым, 2009.
14. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. V том: Ата салт. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 208 б.
15. Қалшабаева Б. Халық медицинасындағы діни наным-сенімдердің семиотикасы мен семантикасы // ҚазҰУ хабаршысы. – 2017. – №1 (84). – Б. 196–206.
16. Картаева Т. Оңтүстік Қазақстандағы бақсылық пен елтілік дәстүрінің шамандық түп-тамырлары (XIX ғ. – XX ғ. басы) // Түрік мәдениеті және Қожа Ахмет Ясауи зерттеулері журналы. – 2020. – №94. – 191–218-бб.
17. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224 б.
18. Көшпенділер эстетикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 264 б.
19. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы, 2007.
20. Құтты К. Қазақтың уақыт өлшемдері // Иман. – 2024. – №12 (245). – Б. 14–15.
21. Мағауин М. Тазының өлімі. – Алматы: Атамұра, 2004. – 234 б.
22. Матыжанов К. Уыз тәрбие. – Алматы: Brand Book, 2023. – 268 б.
23. Савельев А.Е. Ежелгі Грекия мәдениеті: оқу құралы. – Мәскеу: Жоғары мектеп, 2008. – 464 б.
24. Саятшылық – қазақтың дәстүрлі аңшылығы. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 208 б.
25. Сәулебай О. Қазақтың ұсталық-зергерлік өнерінің мәдениеттанулық негіздері // Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлер мен инновациялар: ғылыми мақалалар жинағы. – 2-бөлім. – 2007. – Б. 86–96.

References:

1. Amanthai. Q. Kozy zhasy, koj zhasy, zhylyky zhasy, patsha zhasy turaly ne bilemiz?. [Amanthai. Q “What Do We Know About Kozy Jas, Koy Jas, Zhylyky Jas, and Patsha Jas?” Retrieved from: <https://bugin.kz/241-kozy-dgasy-qoy-dgasy-dgylqy-dgasy-patsha-dgasy-turaly-ne-bilemiz>. [Electronic resource] [in Kazakh].
2. Dialog nasmert': pochemu tak populjarny gruppy smerti i v chjom prichina podrostkovyh suicidov [Dialogue to the death: why death groups are so popular and what is the reason for teenage suicides] Retrieved from: <https://monocler.ru/dialog-nasmert/> [Electronic resource] [in Russian].
3. Elimizde bir zhylda 78 auyl zhabyldy [78 villages were closed in one year in our country] Retrieved from: <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/item/678850-elimizde-bir-zhylda-78-auyl-zhabyldy> [Electronic resource] [in Kazakh].
4. Baytanuly A. (2019) «Kazakhtyn kone oyindarynyn mani turaly ne bilemiz?» *Dastur* №2 (63) B 58-59 [Baitanuly A. (2019) “The Meaning of Ancient Kazakh Games” in Tradition, No. 2 (63), p. 58–59] [in Kazakh]
5. Daszkiewicz W. Bronisława Malinowskiego funkcjonalna teoria kultury // *Człowiek w Kulturze*. 2014. №24. – S 337–338.
6. Divaev A. (1907) «Drevnie igry kirgizskoj molodezhi» *Turkestanskije vedomosti* № 54. S. 169-172 [Divaev A. (1907) “Ancient Games of Kyrgyz Youth,” *Turkestanskije Vedomosti*, No. 54, p. 169-172] [in Russian]

7. Divaev A. «Igrы kirgizskih detey» *Turkestanskіe vedomosti* № 152. (1905): S 33-36 [Divaev A "Games of Kyrgyz Children," *Turkestanskіe Vedomosti*, No. 152, 1905, p. 33-36] [in Russian]
8. Gennep A. (1999) *Obrjady perehoda. Sistematicheskoe izuchenіe obrjadov.* – Moskva: Vostochnaja literatura, 198 s. [Gennep A. Rites of passage. Systematic study of rituals. – Moscow, 1999, p. 198] [in Russian]
9. Kaidar A. (2009) *Kazakhtar Ana tili Aleminde II tom*, Almaty, gylımı basylım [Kaidar A. (2009) *Kazakh Mother Tongue in the World Volume II*, Almaty, scientific publication] [in Kazakh]
10. Kartaeva T (2020) Güney Kazakistan'daki baksilik ve eltilik geleneğinin şamanlık kökleri (19 yüzyıl ve 20 yy. baş dönemleri. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi*. 94. S.191-218. [Kartaeva T (2020) Shamanic roots of the baksilik and eltilik tradition in Southern Kazakhstan (19th and early 20th centuries. *Journal of Turkish Culture and Hacı Bektaş Velî Research*. 94. p.191-218] [in Turkish]
11. Kazakhtar. (1998) *Kopshilikke arналған toғыз tomдық anyqtamalyk.* – Almaty: Kazakhstan damu instituty. V T. Ata salt, 1998. – 208 b [Kazakhs:(1998) *Comprehensive Information in Nine Volumes for the Majority*. Almaty: Kazakhstan Development Institute, Vol. 5, p. 208] [in Kazakh]
12. Kenzheahmetuly S. (2015) *Kazakhtyn salt-dasturleri men adet-guryptary.* – Almaty: Atamura, – 224 b [Kenzheahmetuly S. (2015) *Traditions and Customs of the Kazakh People*. Almaty: Atamura, p. 224.] [in Kazakh]
13. Kochevnikі-Jestetika. – Almaty: Gylım, 1993. – 264 s [*Nomads-Aesthetics* Almaty: Gylım, 1993, p. 264.] [in Russian]
14. Kuraluly A. (2007) *Kazakh dasturli madenietinin jenciklopedijalyk sozdigi.* – Almaty [Kuraluly A. (2007) *Encyclopedic dictionary of Kazakh traditional culture* Almaty] [in Kazakh]
15. Magauin M. (2004) *Tazynyn olimi.* – Almaty: Atamura, – 234 b [Magauin M. (2004) *The Death of the Tazy*. Almaty: Atamura, p. 234.] [in Kazakh]
16. Matyzhanov K. (2023) *Uyz tarbie.* – Almaty: Brand Book, 2023. – 268 b [Matyzhanov K. (2023) *Child Rearing* – Almaty: Brand Book, p. 268.] [in Kazakh]
17. Savel'ev A.E.(2008) *Kul'tura Drevnej Grecii: Uchebnoe posobie.* – Moskva.: Vysshaja shkola,. – 464 s [Culture of Ancient Greece: Textbook. Moscow: Higher School, p.464.] [in Russian]
18. Sayatshylyk kazakhtyn dastyrlı anshylygy. (2007) – Almaty: Almatykitap, – 208 b [Traditional Kazakh Hunting Culture. (2007) Almaty: Almatykitap, p. 208.] [in Kazakh]
19. Saulebay O. (2007) «Kazakhtyn ustalyk-zergerlik onerining madeniettanu negizderi» *Kazakh madenietindegi dasturler men innovacijalar: gylımı makalalar zhinagy. 2-bolim. B 206* [Saulebay O. (2007) "The Basis of Kazakh Jewelry Art" in *Traditions and Innovations in Kazakh Culture: Collection of Scientific Articles*, Vol. 2. Almaty, p. 260.] [in Kazakh]
20. Zhunisuly A. (2001) *Paniden bakıga dejin* – Almaty: Zhazushy, – 296 b [Zhunisuly A. (2001) *From Birth to Death*. Almaty: Zhazushy, p. 296.] [in Kazakh]
21. Alemdik zhane yltyk sport oyndary, (2014) Almaty: Mereke, Tanyndyk basylım [*World and national sports games* (2014) Almaty: Mereke, Educational publication] [in Kazakh]
22. Gabitov T.H. (2013) *Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі* – Almaty: Raritet, – 400 b [Gabitov T.Kh. *Spiritual space of Kazakh culture*. Almaty: Rarity, p 400.] [in Kazakh]
23. Әбдікұлы Т. (2012) *Парасат Majdany.* – Almaty: Raritet,– 616 b. [Abdikuly T. (2012) *Front of Reason*. – Almaty: Rarity, p. 616] [in Kazakh]
24. Kalshabaeva B (2017) *Halyk medicinasyndagy dini nanym-senimderdin semiotikasy men semantikasy* *KazUU habarshysy №1(84) 196 b* [Kalshabayeva B. (2017) *Semiotics and semantics of religious beliefs in folk medicine*. *Bulletin of KazNU* 2017 No. 1(84) p.196] [in Kazakh]
25. Kutty K. (2024) *Қазақтың уақыт өлшемдері // Iman zhurnaly., №12 (245).* – B.14-126/ Kutty K. *Kazakh time measurements // Iman magazine* Almaty, Volume 12 (245). – p. 14-15.] [in Kazakh]